

**"Экспорттық бақылау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы (жаңа редакциясы)**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 23 желтоқсандағы N 1252 Қаулысы  
Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :  
"Экспорттық бақылау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы (жаңа редакциясы) Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.  
*Қ а з а қ с т а н      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*

*Жоба*

**Қазақстан Республикасының Заңы**

**Экспорттық бақылау туралы (жаңа редакциясы)**

Осы Заң Қазақстан Республикасының халықаралық, сондай-ақ ұлттық қауіпсіздік мүддесіне, қару-жаракқа, әскери техникаға, ядролық және арнайы ядролық емес материалдарға, әскери мақсаттағы өнімге, екі ұдай қолданылатын тауарлар мен технологияларға, оларды өндіру мен пайдалануға байланысты шикізатқа, материалдарға, жабдықтарға, технологияларға, ғылыми-техникалық ақпарат пен көрсетілетін қызметке экспорттық бақылауды жүзеге асырудың және жаппай қырып-жоятын қаруды таратпау режимін нығайтудың негіздері мен тәртібін белгілейді.

**1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар**

Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

- 1) фирмаішілік экспорттық бақылау жүйесі - экспорттық бақылау ережелерін сақтау мақсатында сыртқы экономикалық қызметке қатысушылар жүзеге асыратын ұйымдастырушылық, әкімшілік, ақпараттық және өзге де сипаттағы іс-шаралар кешені;
- 2) тұтастай қамтитын бақылау - экспорттық бақылауға жатпайтын өнімнің тізіміне кірмейтін өнімдерді бақылау;
- 3) кепілдік міндеттеме (түпкі пайдаланушының сертификаты) - экспорттық бақылауға жататын импортталатын өнімді мәлімделген мақсатта пайдалану және оны сатушы елдің келісімінсіз үшінші елдерге кері экспорттауға жол бермеу туралы елдің құзыретті органы берген - алушы елдің ресми сендіруі;
- 4) импорттаушының (түпкі пайдаланушының) кепілдік міндеттемесі - экспорттық бақылауға жататын өнімді мәлімделген мақсаттарға пайдалану туралы және оны уәкілетті органның рұқсатынсыз үшінші елдерге кері экспорттауға жол бермеу туралы импорттаушының (түпкі пайдаланушының) жазбаша сендіруі;
- 5) Қазақстан Республикасы экспорттық бақылау жүйесінің мемлекеттік органдары -

заңнамада белгіленген шектерде экспорттық бақылау құзыретін жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органдары;

6) импорт - тұрақты пайдалану және тұтыну үшін Қазақстан Республикасының кеден аумағына экспорттық бақылауға жататын өнім әкелу;

7) экспорттық бақылауға жататын өнім номенклатурасы (тізімі) - экспорттық бақылауға жататын тауарлардың, технологиялардың, жұмыстардың, қызметтер мен а қ п а р а т т ы ң т і з б е с і ;

8) жаппай қырып-жоятын қару - химиялық, бактериологиялық (биологиялық), радиологиялық және ядролық қару;

9) экспорттық бақылауға жататын өнімдерді Қазақстан Республикасының кеден аумағынан тыс жерде қайта өңдеу - Қазақстан Республикасының кеден аумағынан тыс қазақстандық тауарларды кеден заңнамасына сәйкес жүзеге асырылатын Қазақстан Республикасының кеден аумағына оларды қайта өңдеу және одан кейіннен әкелу мақсатында шығару және пайдалану;

10) зияткерлік шығармашылық қызмет нәтижелеріне құқықтар - қару-жаракпен, әскери техникамен, екі ұдай мақсаттағы өніммен, арнаулы жабдықпен және жаппай қырып-жоятын қаруды жасауға арналған технологиямен байланысты ғылыми еңбектерге, ЭЕМ-ге арналған бағдарламаларға, өнертабысқа, пайдалы модельдерге, өнеркәсіптік үлгілерге, интегралдық микросхема топологиясына, ашылмаған ақпаратқа, оның ішінде, "ноу-хау" шығарудың құпияларына, карталарға, жоспарларға, эскиздерге, иллюстрациялар мен үш деңгейлі шығармаға авторлық құқықтар;

11) өнім - экспорттық бақылауға жататын тауарлар, технологиялар, жұмыстар, қ ы з м е т т е р , а қ п а р а т ;

12) кері импорт - кеден заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының кедендік аумағынан бұрын әкетілген экспорттық бақылауға жататын қазақстандық өнімнің өзгеріссіз жағдайда қайта әкелінуі;

13) кері экспорт - Қазақстан Республикасының кеден аумағынан тысқары жерде шығарылған экспорттық бақылауға жататын, кеден аумағына бұрын әкелінген немесе үшінші елдерге басқа мемлекеттің кеден аумағынан Қазақстан Республикасында шығарылған экспорттық бақылауға жататын өнімді әкету;

14) жеткізу құралдары - жаппай қырып-жоятын қаруды жеткізуге қабілетті зымырандар мен ұшқышсыз ұшу аппараттары (кемінде 500 кг пайдалы жүктемені 300 км және одан артық қашықтыққа жеткізуге қабілетті);

15) екі ұдай қолданылатын (мақсаттағы) тауарлар мен технологиялар - азаматтық мақсаттарда пайдаланылатын, бірақ қару-жарак, әскери техника және оқ-дәрілер, оның ішінде жаппай қырып-жоятын қару мен оны жеткізу құралдарын өндіру үшін қолданылуы мүмкін жабдық, материалдар, шикізат, технологиялар мен ғылыми-техникалық а қ п а р а т ;

16) тасымал - өнімге кедендік бақылау жасай отырып оны Қазақстан

Республикасының кеден аумағы арқылы өткізу;

17) уәкілетті орган - экспорттық бақылау саласында мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын мемлекеттік орган;

18) сыртқы экономикалық қызметке қатысушы (мәлімдеуші) - Қазақстан Республикасының кеден аумағынан тыс экспорттық бақылауға жататын өнімнің экспортын, кері экспортын, импортын, кері импортын, тасымалдануын және қайта өңдеуін жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының заңды немесе жеке тұлғалары, шетелдік заңды немесе жеке тұлғалар;

19) экспорттық бақылау - экспорттық бақылауға жататын өнімнің экспортының, кері экспортының, импортының, кері импортының, тасымалының немесе Қазақстан Республикасының кеден аумағынан тыс қайта өңдеу осы Заңда және Қазақстан Республикасының экспорттық бақылау саласындағы өзге де нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген тәртібін Қазақстан Республикасының экспорттық бақылау жүйесі мемлекеттік органдарының іске асыруы жөніндегі шаралар жиынтығы;

20) экспорт - Қазақстан Республикасының кеден аумағынан осы аумақтан тыс жерде тұрақты орналастыру немесе тұтыну мақсатында экспорттық бақылауға жататын өнімді әкелу;

21) ядролық және арнайы ядролық емес материалдар - ядролық қаруды таратпау жөніндегі халықаралық режимнің талаптарына сәйкес осындай деп белгіленген материалдар;

## **2-бап. Қазақстан Республикасының экспорттық бақылау туралы заңнамасы**

1. Қазақстан Республикасының экспорттық бақылау туралы заңнамасы Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді, осы Заңнан және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

2. Егер Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттарда осы Заңда көзделгендерден өзгеше ережелер белгіленген болса, онда халықаралық шарттардың нормалары қолданылады.

## **3-бап. Осы Заңның қолданылу аясы**

Осы Заңның күші осы Заңның 8-бабында көрсетілген өнімнің Қазақстан Республикасының кеден аумағынан тыс экспортына, кері экспортына, импортына, кері импортына, тасымалына және қайта өңделуіне, сондай-ақ экспорттық бақылау саласындағы мемлекеттік органдардың, сыртқы экономикалық қызметке қатысушылардың (мәлімдеушілердің) қатынастарына қолданылады.

## **4-бап. Экспорттық бақылаудың негізгі мақсаттары мен қағидаттары**

1. Экспорттық бақылаудың негізгі мақсаттары:

1) ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету;

2) жаппай қырып-жоятын қаруды таратпау режимін нығайту;

3) халықаралық қатынастардың тұрақты және қауіпсіз жүйесін қалыптастыруға жәрдемдесу;

4) экспорттық бақылау саласындағы халықаралық ұйымдармен және шет мемлекеттермен күш-жігерді үйлестіру және өзара іс-қимыл жасау болып табылады.

## 2. Экспорттық бақылаудың негізгі қағидаттары:

1) жаппай қырып-жоятын қаруды, оны жеткізу құралдарын және қару-жарақ пен әскери техниканың өзге де түрлері мен жөніндегі халықаралық міндеттемелерді сақтау;

2) экспорттық бақылауды жүзеге асыруда саяси мүдделердің басымдылығы;

3) экспорттық бақылау туралы заңнама жөніндегі ақпаратқа қол жетімділік;

4) халықаралық терроризм мен экстремизмді қолдауға жол бермеу;

5) экспорттық бақылау рәсімдері мен ережелерінің жалпыға танылған халықаралық нормалар мен практикаға сәйкестігі.

## **5-бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің экспорттық бақылау саласындағы құзыреті**

Қазақстан Республикасының Үкіметі экспорттық бақылау саласында:

1) экспорттық бақылау саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын әзірлейді;

2) Қазақстан Республикасында мемлекеттік экспорттық бақылау жүйесін қалыптастырады;

3) экспорттық бақылауға жататын өнімнің экспорты мен импортын лицензиялаудың ережесін бекітеді;

4) Қазақстан Республикасына әкелінетін экспорттық бақылауға жататын өнімнің пайдаланылуы жөніндегі міндеттемелерді ресімдеу және олардың орындалуын тексеру ережесін бекітеді;

5) экспорт бақылауға жататын өнімнің транзитіне рұқсат беру ережесін бекітеді;

6) экспорттық бақылауға жататын өнімді Қазақстан Республикасының кеден аумағынан тыс қайта өңдеуге рұқсат беру ережесін бекітеді;

7) сыртқы экономикалық қызметке қатысушылардың фирмаішілік экспорттық бақылау жүйесіне қойылатын біліктілік талаптарын бекітеді;

8) экспорттық бақылауға жататын өнімнің номенклатурасын бекітеді;

9) осы Заңға сәйкес экспорттық бақылауға жататын өнімнің кеден аумағынан тыс экспортына, импортына, транзитіне және қайта өңделуіне қатысты шектеулер енгізілетін мемлекеттердің тізбесін бекітеді.

## **6-бап. Уәкілетті органның құзыреті**

Уәкілетті орган:

1) экспорттық бақылау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруды қамтамасыз етеді және Қазақстан Республикасының экспорттық бақылау жүйесінің мемлекеттік органдарының қызметін үйлестіреді;

2) экспорттық бақылау саласындағы нормативтік құқықтық актілерді әзірлейді;

3) Қазақстан Республикасының экспорттық бақылау жүйесінің мемлекеттік

органдарымен бірлесіп, экспорттық бақылауға жататын тауарлардың номенклатурасын әзірлейді ;

4) белгіленген құзыреті шегінде кеден аумағынан тыс экспорттық бақылауға жататын өнімнің экспортын, кері экспортын, импортын, кері импортын, транзитін және қайта өңделуін бақылайды ;

5) экспорттық бақылауға жататын өнімнің экспорты мен импортын лицензиялауды жүзеге асырады ;

6) халықаралық ұйымдармен және шет мемлекеттермен экспорттық бақылау саласында шаралар әзірлейді және ынтымақтастықты жүзеге асырады ;

7) Қазақстан Республикасының экспорттық бақылау жүйесінің мемлекеттік органдарымен бірлесіп, қажет болған кезде экспорттық бақылауға жататын өнімді жөнелту алдындағы кезеңде және оның түпкі пайдаланылуын тексеруді жүзеге асырады ;

8) Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен экспорттық бақылауға жататын өнімнің номенклатурасы бойынша кепілдік міндеттеме (түпкі пайдаланушының сертификатын) береді ;

9) Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен номенклатура бойынша экспорттық бақылауға жататын өнімнің тасымалына рұқсат береді ;

10) өтінім берушілерге және мүдделі мемлекеттік органдарға өнімді экспорттық бақылауға жататын өнімге жатқызу туралы қорытынды береді ;

11) Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен номенклатура бойынша экспорттық бақылауға жататын өнімді кеден аумағынан тыс қайта өңдеуге рұқсат береді.

#### **7-бап. Қазақстан Республикасының экспорттық бақылау жүйесі мемлекеттік органдарының құзыреті**

Қазақстан Республикасының экспорттық бақылау жүйесінің мемлекеттік органдары :

1) экспорттық бақылау саласындағы нормативтік құқықтық базаны қалыптастыруға қатысады ;

2) экспорттық бақылауға жататын өнімнің Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы заңсыз өткізілуінің алдын алады және оның жолын кеседі ;

3) халықаралық міндеттемелерге сәйкес экспорттық бақылауға жататын Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен номенклатура бойынша импортердің (соңғы тұтынушының) кепілді міндеттемелерін келіседі ;

4) өз құзыреті шегінде Қазақстан Республикасының халықаралық міндеттемелеріне сәйкес экспорттық бақылауға жататын Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен номенклатура бойынша экспорттық бақылауға жататын өнімнің экспорты, кері экспорты, импорты, транзиті және кеден аумағынан тыс қайта өңделуі мәселелерін келіседі.

## **8-бап. Экспорттық бақылауға жататын өнім**

1. Қазақстан Республикасының ұлттық мүдделері мен халықаралық міндеттемелерін негізге ала отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі экспорттық бақылауға жататын өнімнің номенклатурасын бекітеді.

2. Экспорттық бақылауға жататын өнімге мыналар жатады:

1) жай қару-жарақ пен әскери техника, шикізат, материалдар, арнаулы жабдық пен технологиялар, оларды өндіруге байланысты жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер;

2) ядролық және арнайы ядролық емес материалдар, жабдық, қондырғылар, технологиялар, ионданатын сәуле шығаратын көздер, өнім, екі ұдай қолданылатын жабдық пен тиісті технологиялар, оларды өндіруге байланысты жұмыстар мен қызметтер;

3) экспорттық бақылаудың халықаралық режимдері белгілейтін тізімдер, тізбелер бойынша химиялық қару жасау кезінде пайдаланылуы мүмкін екі ұдай қолданылатын химикаттар мен технологиялар;

4) экспорттық бақылаудың халықаралық режимдері белгілейтін тізімдері, тізбелері бактериологиялық (биологиялық) және уытты қару жасау кезінде пайдаланылуы мүмкін ауру қоздырғыштар, олардың генетикалық жағынан өзгерген нысандары мен генетикалық материалдың бөлшектері;

5) тізімдері, тізбелері экспорттық бақылаудың халықаралық режимдерімен белгіленетін зымырандық техника, қозғалтқыштар, олардың компоненттері, жабдығы, зымырандық техника жасау кезінде қолданылатын материалдар мен технологиялар;

6) жаппай қырып-жоятын қару түрлері;

7) ғылыми-техникалық ақпарат, әскери мақсаттағы өнімге және екі ұдай қолданылатын технологияларға байланысты қызметтер мен зияткерлік шығармашылық қызметтің нәтижелері.

## **9-бап. Экспорттық бақылау және оны жүзеге асырудың негізгі әдістері**

1. Экспорттық бақылау Қазақстан Республикасының заңнамасына, Қазақстан Республикасының жаппай қырып-жоятын қаруды, оны жеткізу құралдарын және өзге де қару түрлері мен әскери техниканы өзге де түрлері мен таратпау жөніндегі халықаралық міндеттемелеріне, сондай-ақ Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттарға сәйкес жүзеге асырылады.

2. Экспорттық бақылауға жататын өнімнің экспорты мен импорты уәкілетті орган берген лицензиялар негізінде жүзеге асырылады.

3. Экспорттық бақылауға жататын өнімнің экспорты мен импортын лицензиялау Қазақстан Республикасының лицензиялау саласындағы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

4. Экспорттық бақылауға жататын өнімнің кері экспорты осы Заңда экспорт үшін белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

5. Қазақстан Республикасынан шығарылатын және экспорттық бақылауға жататын

өнімнің кері экспорты алушы - елдің кепілді міндеттемесін негізге ала отырып, уәкілетті мемлекеттік органның рұқсаты бойынша жүзеге асырылады.

6. Қазақстан Республикасының кедендік аумағына әкелінген және экспорттық бақылауға жататын өнімнің кері экспорты өнім өндірілген елдің құзыретті органының рұқсаты бойынша жүзеге асырылады.

7. Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері, басқа да әскерлері мен әскери құралымдары немесе басқа мемлекеттердің Қазақстан Республикасы аумағында уақытша орналасқан әскери құралымдары қару-жарағында тұрған (жарақтанған) экспорттық бақылауға жататын жарақтарды, өнімдерді жөндеу (жаңғырту) мақсатында Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы өткізу, сондай-ақ экспорттық бақылауға жататын өнімдерді Қазақстан Республикасының кеден аумағынан тыс жерде қайта өңдеу уәкілетті органның шешімі бойынша жүзеге асырылады.

8. Көрмелерде көрсету үшін экспорттық бақылауға жататын өнімді, осы шикізатқа не экспорттық бақылауға жататын, коммерциялық құндылығы жоқ өнеркәсіп өніміне мүмкін болатын сұранысты айқындау мақсатында зерттеулер (сертификаттау) жүргізу үшін шикізат үлгілерінің, Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық келісімдер мен шарттарды орындау үшін халықаралық ұйымдардың инспекторлары алатын сынамалар үлгілерінің ең аз санын Қазақстан Республикасынан әкету лицензиясыз жүзеге асырылады. Бұл ретте сыртқы экономикалық қызметке қатысушылар уәкілетті органға және Қазақстан Республикасының экспорттық бақылау жүйесінің тиісті мемлекеттік органына алдын ала жазбаша хабарлайды.

Осы бапта көрсетілген мақсаттар үшін үлгілердің ең аз санын олар бекіткен Ережеге сәйкес уәкілетті орган айқындайды.

9. Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы экспорттық бақылауға жататын өнімді әкету мен әкелуге бақылау жасауды Қазақстан Республикасының кеден органдары жүзеге асырады.

10. Сыртқы экономикалық мәмілелерді жүзеге асыру кезінде мәлімдеуші келісім-шарт жағдайында Қазақстан Республикасының экспорттық бақылау жүйесі мемлекеттік органдарының экспорттық бақылауға жататын өнімнің түпкі пайдаланылуын тексеруіне қол жеткізуін қамтамасыз етуді көздеуге міндетті.

11. Уәкілетті орган экспорттық бақылауға жататын өнімнің шығу елінің құзыретті органы берген рұқсаттың түпнұсқалығын айқындауға құқылы.

### **10-бап. Тұтастай қамтитын бақылау**

1. Тұтастай қамтитын бақылау талаптарын қамтамасыз ету мақсатында, егер сыртқы экономикалық қызметке қатысушыларға (өтінім берушілерге) тауарлар, ақпарат, жұмыстар, қызметтер, зияткерлік шығармашылық қызмет нәтижелері шет мемлекеттің немесе шетелдік тұлғаның жаппай қырып-жоятын қару мен оны жеткізу құралдарын жасау мақсаттары үшін пайдаланылатыны анық белгілі болса, оларға бұл тауарлармен, ақпаратпен, жұмыстармен, қызметтермен, зияткерлік шығармашылық қызмет

нәтижелерімен сыртқы экономикалық мәмілелер жасасуға немесе оған өзге де кез келген түрде қатысуға тыйым салынады.

2. Сыртқы экономикалық қызметке қатысушылар (өтініш берушілер) Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген тәртіппен осы Заңның 8-бабында көрсетілген тізбелердің қолданылу аясына жатпайтын тауарлармен, ақпаратпен, жұмыстармен, қызмет көрсетулермен, санаткерлік шығармашылық қызмет нәтижелерімен сыртқы экономикалық мәмілелерді жүзеге асыруға уәкілетті мемлекеттік органның лицензиясын Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген тәртіппен мынадай жағдайларда:

1) оларды Қазақстан Республикасының экспорттық бақылау жүйесінің уәкілетті органы немесе өзге де мемлекеттік органы осы тауарлар, ақпарат, жұмыстар, қызметтер, зияткерлік шығармашылық қызмет нәтижелері осы баптың бірінші бөлігінде көрсетілген мақсаттарда пайдаланылуы мүмкін екендігі туралы хабардар еткенде;

2) осы тауарлар, ақпарат, жұмыстар, қызметтер зияткерлік шығармашылық қызмет нәтижелері осы баптың бірінші бөлігінде көрсетілген мақсаттарда пайдаланылуы мүмкін екендігіне олар негіз бар деп санағанда рұқсат алуға міндетті.

### **11-бап. Ұйымдардағы фирмаішілік экспорттық бақылау жүйесі**

1. Осы Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген экспорттық бақылау ережелерінің орындалуын қамтамасыз ету үшін жаппай қырып-жою қаруларын, оны жеткізу құралдарын және қару-жарақ пен әскери техниканың өзге де түрлерін, қару-жарақ пен әскери техниканың өзге де қауіпті түрлерін құру кезінде пайдаланылуы мүмкін көрсетілген салада құқық бұзушылықты болдырмау мақсатында сыртқы экономикалық қызметке қатысушылар фирмаішілік экспорттық бақылау жүйесін құрады.

### **12-бап. Экспорттық бақылауға жататын өнімді жөнелту алдындағы кезеңде және оның түпкілікті пайдаланылуын тексеру**

1. Экспорттық бақылауға жататын өнімді жөнелту алдындағы кезеңде және оның түпкілікті пайдаланылуын тексеруді Қазақстан Республикасының заңнамасына және Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға сәйкес уәкілетті орган Қазақстан Республикасының экспорттық бақылау жүйесінің мемлекеттік органдарымен бірлесіп, мынадай негіздемелер бойынша өз құзыреті шегінде жүзеге асырады және тағайындайды:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының экспорттық бақылау саласындағы заңнамасының талаптарын сыртқы экономикалық қызметке қатысушылардың бұзуы туралы куәландыратын мәліметтерді алу ;

2) сыртқы экономикалық қызметке қатысушылардың жаппай қырып-жою қару-жарағын, оны жеткізу құралдары мен қару-жарақ пен әскери техниканың өзге де түрлерін таратпау жөніндегі халықаралық міндеттемелерді сақтамау.



2. Тексеру уәкілетті орган берген тексеруді тағайындау туралы акт негізінде ө т к і з і л е д і .

Тексеруді тағайындау туралы акт уәкілетті орган белгілеген тәртіпке сәйкес арнайы журналда тіркелуі тиіс .

Тексеруді тағайындау туралы акт Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен құқықтық статистика және арнайы есепке алуды қалыптастыру жөніндегі қызметті жүзеге асыратын мемлекеттік органда (бұдан әрі - құқықтық статистика жөніндегі орган) міндетті түрде тіркеледі.

3. Тексеруді жүргізудің басталуы тексеруші лауазымды тұлғаның (тұлғалардың) қызметтік куәлігін міндетті түрде көрсете отырып, тексерудің тағайындалуы туралы тексерілетін қатысушыға сыртқы экономикалық қызмет актісін тапсырған сәті е с е п т е л е д і .

Тексеру экспорттық бақылауға жататын өнімді жөнелту алдындағы кезеңде және оның түпкілікті пайдаланылуын тексеруді тағайындау туралы актіде көрсетілген тек сол лауазымды тұлға (тұлғалар) жүргізеді.

Экспорттық бақылауға жататын өнімді жөнелту алдындағы кезеңде және оның түпкілікті пайдаланылуын тексеруді тағайындау туралы бір актінің негізінде бір тексеру ғана жүргізілуі мүмкін .

4. Тексеруді жүргізу мерзімі отыз күнтізбелік күннен аспауы тиіс, қажеттілік кезінде тексеруді жүргізу мерзімі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен ұзартылуы мүмкін.

Тексеру мерзімін ұзартқан жағдайда уәкілетті орган міндетті түрде тексерудің ұзартылғаны туралы қосымша актіні құқықтық статистика жөніндегі органда тіркей отырып, рәсімдейді, онда тексерудің тағайындалғаны және ұзарту себептері туралы алдыңғы актінің тіркелген нөмірі мен күні көрсетіледі.

5. Тексеруді тағайындау туралы акт сыртқы экономикалық қызметтің бір қ а т ы с у ш ы с ы н а р е с і м д е л е д і .

6. Тексеру аяқталысымен оны жүзеге асырушы уәкілетті органның лауазымды тұлғасы Қазақстан Республикасының экспорттық бақылау саласындағы заңнамасының талаптарын сақтау мәніне тексеру нәтижелері жөніндегі актіні жасайды.

7. Тексеру мерзімінің аяқталуы деп сыртқы экономикалық қызметке қатысушының тексерілетінге тексеру нәтижелері туралы актіні тапсыру күні есептеледі.

Тексеру нәтижелері туралы акті тексеруді тағайындау туралы актіде көрсетілген тексеруді аяқтаудың мерзімінен кешіктірілмей тапсырылады.

### **13-бап. Сыртқы экономикалық мәмілелердің есебі**

1. Сыртқы экономикалық қызметке қатысушылар экспорттық бақылау мақсаттары үшін экспорттық бақылауға жататын өніммен сыртқы экономикалық мәмілелердің е с е б і н жү р г і з у г е м і н д е т т і .

2. Тауарлармен, ақпаратпен, жұмыстармен, қызметтермен, зияткерлік қызмет

нәтижелерімен сыртқы экономикалық мәмілелерге қатысты құжаттар, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында одан ұзақ сақтау мерзімі белгіленбесе, бес жыл бойы с а қ т а л а д ы .

3. Экспорттық бақылау мақсаттары үшін сыртқы экономикалық мәмілелер есебінің ережесі мен нысандарын уәкілетті орган айқындайды.

#### **14-бап. Қазақстан Республикасының экспорттық бақылауға байланысты халықаралық санкцияларға қатысуы**

Қазақстан Республикасының бір мемлекетке немесе бірқатар мемлекеттерге қатысты экспорттық бақылауға байланысты халықаралық санкцияларға қатысуы және бұл санкциялардың күшіне енгізілуі Біріккен Ұлттар Ұйымы немесе басқа да халықаралық ұйымдар шешімдерінің негізінде Қазақстан Республикасының заңнамаларымен белгіленеді. Жекелеген жағдайларда мұндай санкцияларды Қазақстан Республикасы біржақты қолдана алады.

#### **15-бап. Экспортты шектеу**

1. Қазақстан Республикасы шет мемлекеттер Қазақстан Республикасы алдында алған міндеттемелерін бұзған жағдайда, сондай-ақ Қазақстан Республикасы қатысушысы болып табылатын халықаралық ұйымдардың шешімдері бойынша кеден аумағынан тыс экспорттық бақылауға жатқызылатын өнім экспорты, импорты және транзиті жөнінде оларға қатысты шектеулер енгізуге, тіпті оған тыйым салуға құқылы.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және Қазақстан Республикасының халықаралық міндеттемелерін орындау мүдделерін негізге ала отырып, экспорттық бақылауға жататын өнімнің Қазақстан Республикасының кеден аумағынан тыс экспорты, импорты, транзиті және қайта өңделуіне шектеулер енгізілуі мүмкін мемлекеттердің тізбесін белгілейді.

#### **16-бап. Экспорттық бақылау саласындағы ақпаратқа қатынас**

1. Уәкілетті орган Қазақстан Республикасының экспорттық бақылау жүйесінің мемлекеттік органдарынан және шетел мемлекеттерінің органдарынан, сыртқы экономикалық қызметке қатысушылардан экспорттық бақылауға саласына қатысты қажетті құжаттар мен ақпаратты сұратуға және алуға құқылы.

2. Қазақстан Республикасының экспорттық бақылау жүйесінің мемлекеттік органдары уәкілетті органнан, Қазақстан Республикасының экспорттық бақылау жүйесінің басқа да мемлекеттік органдарынан және сыртқы экономикалық қызметке қатысушы шет мемлекеттерінің органдарынан экспорттық бақылау саласына қатысты қажетті құжаттар мен ақпаратты сұратуға және алуға құқылы.

3. Экспорттық бақылау саласындағы сыртқы экономикалық қызметке қатысушылар ұсынған құжаттар мен ақпарат тек экспорттық бақылау саласында қолданылады.

4. Мемлекеттік құпияларды, коммерциялық және өзге де заңмен қорғалатын құпияны құрайтын құжаттар мен ақпараттар сондай-ақ экспорттық бақылау саласындағы сыртқы экономикалық қызметке қатысушыларға қатысты құпия

ақпаратты уәкілетті органның және Қазақстан Республикасының экспорттық бақылау жүйесінің мемлекеттік органдарының лауазымды тұлғалары қызметтік емес мақсаттар үшін жариялай алмайды, қолданбайды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, мемлекеттік органдарға және үшінші тұлғаға берілмейді.

5. Сыртқы экономикалық қызметке қатысушылар Қазақстан Республикасының уәкілетті органы мен мемлекеттік органдарының талабы бойынша көрсетілген органдардың осы Заңда және Қазақстан Республикасының экспорттық бақылау саласындағы өзге де нормативтік құқықтық актілерде көзделген міндеттер мен функцияларды орындауы үшін қажетті құжаттар мен ақпаратты ұсынуға міндетті.

### **17-бап. Қазақстан Республикасының экспорттық бақылау саласындағы халықаралық ынтымақтастығының мақсаттары мен нысандары**

1. Қазақстан Республикасы экспорттық бақылау және жаппай қырып-жоятын қаруды таратпаудың режимдерін күшейту саласындағы халықаралық ұйымдармен және шетелдік мемлекеттермен ынтымақтасады.

2. Қазақстан Республикасының экспорттық бақылау саласындағы халықаралық ынтымақтастығы мына :

1) жаппай қырып-жоятын қаруды, оларды жеткізу құралдарын, сондай-ақ олардың жасау технологияларын таратуды болдырмау жөнінде шетел мемлекеттерімен бірге күш жігерді және өзара іс-қимылдарды үйлестіру;

2) халықаралық қатынастардың тұрақты және қауіпсіз жүйесін қалыптастыруға жәрдемдесу ;

3) Қазақстан Республикасының экономикасын әлемдік экономикаға тең құқықты және өзара тиімді негізде ықпалдастыру үшін қолайлы жағдайлар жасау;

4) Қазақстан Республикасының тауарлармен, ақпаратпен, жұмыстармен, қызметтермен, зияткерлік меншік құқықтарымен, оның ішінде оларға (зияткерлік меншік) ерекше құқықтармен халықаралық алмасуға қатысуын жандандыру, сыртқы экономикалық қызметке қатысушылардың жоғары технологиялардың әлемдік рыноктарына енуі үшін мүмкіндіктерді ұлғайту;

5) экспорттық бақылаудың халықаралық және мемлекетішілік тетіктерін жетілдіру, Қазақстан Республикасының экспорттық бақылау саласындағы заңнамасын бұзу фактілерін және оларды бұзған адамдарды айқындау мақсаттарында жүзеге асырылады .

3. Қазақстан Республикасының экспорттық бақылау саласындағы халықаралық ынтымақтастығы Қазақстан Республикасының халықаралық экспорттық бақылау режимдеріне және халықаралық форумдарға қатысуы, шетел мемлекеттерімен және халықаралық ұйымдармен келіссөздер және консультациялар жүргізу, ақпаратпен өзара алмасу, сондай-ақ көрсетілген салада екі жақты және көп жақты негізде бірлескен бағдарламалар мен өзге де іс-шараларды іске асыру арқылы жүзеге асырылады.

4. Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары экспорттық бақылау саласында халықаралық ұйымдармен, шетелдердің мемлекеттік органдармен, сондай-ақ шетелдік үкіметтік емес ұйымдармен Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен өз құзыреті шегінде өзара іс-қимылды жүзеге асырады. Қазақстан Республикасы мақсаттары экспорттық бақылаудың мемлекетішілік тетіктерінің тиімді жұмыс істеуіне жәрдемдесу болып табылатын отандық ұйымдар және шетелдік үкіметтік емес ұйымдары арасындағы келісім-шарттарды дамыту және ақпарат алмасуға жәрдемдеседі.

#### **18-бап. Экспорттық бақылау туралы Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзғаны үшін жауаптылық**

Қазақстан Республикасының заңды және жеке тұлғалары, сондай-ақ шетелдік заңды және жеке тұлғалар және азаматтығы жоқ адамдар Қазақстан Республикасының экспорттық бақылау туралы заңнамасын бұзған жағдайда олар Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген жауапкершілік алады.

#### **19-бап. Экспорттық бақылау жүйесінің мемлекеттік органдары лауазымдық тұлғаларының шешімдеріне және әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану**

Қазақстан Республикасының экспорттық бақылау жүйесінің уәкілетті органы мен мемлекеттік органдарының лауазымды тұлғаларының экспорттық бақылауды жүзеге асыру кезіндегі шешімдері мен әрекеттері (әрекетсіздігі) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шағымдалуы мүмкін.

#### **20-бап. Осы Заңды қолданысқа енгізу тәртібі**

1. Осы Заң оның ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.
2. "Экспорттық бақылау туралы" Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 18 маусымдағы Заңының (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 8-9, 240-құжат; 2000 ж., N 20, 377-құжат; 2003 ж., N 18, 143-құжат; 2004 ж., N 23, 142-құжат) күші жойылды деп танылсын.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*  
*Президенті*